*МКҚК «Күншуақ»бөбекжай-бақшасы*

# *Тақырыбы: «Ана тілім-ардағым!»*

*Дайынадаған: Орынбасарова Ж.С.*

*Қандыағаш қаласы 2022жыл*

**Мақсаты:** балалардың ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып танымдық қабілетін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Ж:** Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Бүгінгі «Ана тілім ардағым!» атты мерекелік шараға қош келдіңіздер!

Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер күні туралы қысқаша мәлімет.
- Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 1998 жылдың 20 қаңтарындағы Жарлығына сәйкес 22 қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдері» күні ретінде аталып келеді. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, себебі әр ұлттың тілі - оның бақыты, тірегі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп бекітілді, «Тіл туралы заң» қабылданды. Ата - бабамыз ежелден үш нәрсені бойтұмардай қасиет тұтып, қадірлеп өткен. Ол - ел, жер және тіл. Ана тілі – әр халықтың төл белгісі. Сондықтан да ана тілімізді құрметтей білейік!

Туған елім- тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылыр сыр ойдағы,
Өссе тілім менде бірге өсемін,
Өшсе тілім менде бірге өшемін!-деп ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

**Ж:** Бүгінгі мерекеге **«Радуга»** тобының бүлдіршіндері керемет тақпақ жаттап келіпті. Қанеки, бірге тамашалайық!

1. Сәлем бердім, саған елім,
Тал бесігім, туған жерім.
Сәлем бердім бәріңізге
«Қазақ» тңлң дегендердің.

Айым 10топ

2. Тәуелсіз Қазақстанның
Бал тілі бүлдіршінімін
Мерекесі тілімнің
Тойлаушының бірімін

Айзере 10топ

3. Ана тілің-арың бұл
Ұятың болып тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте

Айша 10топ

4. Ана тілің біліп қой
Еркіндігің, теңдігің
Ана тілің біліп қой
Мақтанышың, елдігің.

Аида 10топ

**Ж:** Қазақстан халқының
Қазақ тілі тірегі
Ана тілде айтылыр
Ән ұраны жүрегі- дей келе **«Ана-тілім ардағым»** атты мерекені ойын сайыс түрінде өткізгелі тұрмын. Олай болса ойынға қатысушы
**№8** «Сказка» тобының тәрбиешісі Светлана Алпамысовнаны тәрбиеленушілерімен ортаға шақырайық.
**№12** «Лучик» тобының тәрбиешісі Нуржамал Ахметжановна мен тәрбиеленушілерін шақырайық.
**№10** «Радуга» тобының тәрбиешісі Күнсауле Климовна мен тәрбиеленушіліерін шақырамыз.

Ойынымызды бастамас бұрын бір сергіп алайық. **«Дұрыс па, бұрыс па?»** ойыны.
**Шарты:** мен өз ойымды оқимын, дұрыс болса қол шапалақтау, бұрыс болса аяғымызды топылдату.

Еш қысылып саспайық
Қызықты ойын бастайық
Сайысқа келген топтардың
Сергітіп бойын алайық

1. Бәйге - қазақтың ұлттық ойыны.
2. Бесбармақ – французсдардың ұлттық тағамы.
3. Наурыз – Шығыс халықтарының мейрамы.
4. Илья Муромец – қазақтың батыры.
5. Шұбат – түйенің сүтінен жасалады.
6. Наурыз күз айында басталады.
7. Қазақстан - біздің Отанымыз.
8 Масленица мейрамында орыстар бауырсақ пісіреді
9. Қымызды сиыр сүтінен жасайды.
10. Абай – қазақтың ұлы ақыны.

(топтарды орнына отырғызып, ойын шарттарымен таныстыру)
**Ж:** Құрметті ойынға қатысушылар сіздерге бүгінгі ойын барысында әр түрлі сұрақ-жауап т.б ойындар ойнатылады. Сол кезде кім бірінші жауап бергісі келсе, алдарыңыздағы жұлдызшаны көтересіздер. Жұлдызшаны көтермеген жағдайда жауап қабылданбайды. (әр дұрыс жауап 1-2-3 жапырағымен бағаланады. Ойын соңында №1 жапырағын ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады)

**І-ші бөлім:** «Кім зерек» ойыны (балалармен) (дайын топ жұлдызшаны көтереміз)
**шарты:** сурет қиындыларын дұрыс қойып, олардан әңгіме мәтін құрастыру. (тәрбиешілер көмегімен)

Шалқытып мерекеде ән салайық
Өнерпаз балаларға тамсанайық
Қос тілімде сөйлеген балаларға
Алғыс айтып, мерейленіп қол соғайық!
-дей келе ортадағы балдарымыздан мақал-мәтел сұрап көрейін.

1) Отан оттанда ыстық. Маша 8топ
2) Тіл- достықтың алтын көпірі. Бақдана 12топ
3) Тіл мәртебесі-ел мәртебесі. Диляра 12топ
4) Тіл ақылдың өлшемі. Даша 12топ
5) Өнер алды қызыл-тіл. Настя 10топ
6) Тіл қылыштан өткір. Давид 10топ
7) Тіл тас жарады
   Тас жармаса бас жарады. Есения 10топ

**ІІ-ші бөлім: «Түрлі-түсті жапырақтар»**ойыны
**Шарты:** Өзіңізге ұнаған 1 таңдап, жапырақтың келесі бетіндегі тапсырманы орындаймыз. (дайын топ жұлдызша көтереміз)
**Сары жапырақтар:**
1. «Қазақстан» сөзіндегі әріптерден жаңа сөздер құру.
2. Мақалды аяқтаңыз: Отан оттан да –..........
Отансыз адам – ормансыз.......

3. Қазақ тілі – қандай тіл? 4. Бір жылда неше ай бар?
**Жасыл жапырақтар:**
1. Қазақ тілінде неше әріп бар?
2. Жұмбақ: Қабат – қабат қаттама, ақылың болса аттама (кітап)
3. Апта күндерін атаңыз.
4. Наурыз мерекесін қашан тойлаймыз?

**Қызыл жапырақтар:**
1. Еліміздің астанасы қандай қала?
2. Аптаның төртінші күні?
3. Қысқы киімдерді атаңыз.
4. Үй жануарларын атаңыз.

**ІІІ-ші бөлім: «Есте сақтай білеміз, жадымызға түйеміз»** ойыны **(Мнемо таблица)**
**Шарты:** көрнекіліктегі суретті есте сақтай отыра, өз ойын толық жеткізу.

**Ж:** Әрбір тілде сөйле әлемде таң қылып,
Қазақ тілін білмеу қандай заңдылық
Өсер балаң байтақ далаң тұрғанда
ҚАЗАҚ тілі жасау керек мәңгілік!

**ӘН. Хор: «Әрқашан күн сөнбесін» (2тілде)**

**(№1 жапырақты санап жеңімпазды анықтау. Топтарды марапаттау)**

**Ж:** осымен **«Ана- тілім ардағым»** атты тілдер мерекесінің І-ші бөлімі аяқталды. Барлығыңызға алғысым шексіз! **(ІІ-ші бөлімге шақыру)**

